

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ
ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ
КОМИТЕТІ»**
республикалық мемлекеттік мекемесі



Республиканское
государственное учреждение
**«КОМИТЕТ МЕДИЦИНСКОГО И
ФАРМАЦЕВТИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ _____

Дәрілік заттардың тіркеу куәліктерін кері қайтарып алу туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 10-бабының 7) тармақшасына, 259-бабының 1-тармағының 7) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушысы 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-322/2020 бұйрығымен бекітілген Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды қолдануды тоқтата тұру, тыйым салу немесе айналымнан алып қою не қолдануды шектеу қағидаларына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21906 тіркелген),
БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес дәрілік заттардың тіркеу куәліктерін кері қайтарылып алынсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) Фармацевтикалық қызметті бақылау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасы осы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік бір күннің ішінде жазбаша (еркін) нысанда Комитетінің аумақтық бөлімшелеріне, дәрілік заттардың тіркеу куәлігінің иесіне және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы саласындағы мемлекеттік сараптама ұйымына (бұдан әрі-сараптама ұйымы) хабарласын.

3. Комитеттің аумақтық бөлімшелері осы шешім туралы ақпаратты алған күннен бастап бір жұмыс күннің ішінде:

1) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына, басқа да мемлекеттік органдарға (құзыреті бойынша) (жазбаша еркін нысанда) хабарлауды;

2) бұқаралық ақпарат құралдарына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау Комитет төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: «Медикал Солюшнс» ЖШС 2026 жылғы 12 наурыздағы №ЗТ-2026-01066691 өтініші, «КРКА Казахстан» ЖШС 2026 жылғы 27 наурыздағы №ЗТ-2026-01261154 өтініші, «Берлин-Хеми АГ» АҚ Қазақстан Республикасындағы филиалының 2026 жылғы 26 наурыздағы №ЗТ-2026-01225853 өтініші, «Ұлттық Фармаконадзор ғылыми орталығы» автономдық коммерциялық емес ұйым 2026 жылғы 12 наурыздағы №18084647 хаты.

**Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық бақылау
комитетінің төрағасы**

Б. Жүсіпов

Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан - Ахмедиев Бауыржан Русланович

Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрлігі
Медициналық және фармацевтикалық
бақылау комитеті төрағасының
2026 жылғы ____ сәуірдегі
№ ____ бұйрығына қосымша

**Кері қайтарып алуға жататын дәрілік
заттардың тіркеу куәліктері**

Тіркеу куәлігінің нөмірі	Тіркелген күні	Дәрілік заттың атауы	Тіркеу куәлігін ұстаушы, мемлекет
ҚР-ДЗ-5№022155	23.12.2020	Сигнифор® ЛАР (Пасиреотид), бұлшықет ішіне енгізу үшін суспензия дайындауға арналған ұнтақ еріткішімен жиынтықта, 20 мг	Рекордати Рэа Дизизез, Франция
ҚР-ДЗ-5№022161	23.12.2020	Сигнифор® ЛАР (Пасиреотид), бұлшықет ішіне енгізу үшін суспензия дайындауға арналған ұнтақ еріткішімен жиынтықта, 60 мг	Рекордати Рэа Дизизез, Франция
ҚР-ДЗ-5№022162	23.12.2020	Сигнифор® ЛАР (Пасиреотид), бұлшықет ішіне енгізу үшін суспензия дайындауға арналған ұнтақ еріткішімен жиынтықта, 40 мг	Рекордати Рэа Дизизез, Франция
ҚР-ДЗ-5№121943	26.10.2020	Сигнифор® (Пасиреотид), инъекцияға арналған ерітінді, 0.3 мг/мл	Рекордати Рэа Дизизез, Франция
ҚР-ДЗ-5№121944	26.10.2020	Сигнифор® (Пасиреотид), инъекцияға арналған ерітінді, 0.6 мг/мл	Рекордати Рэа Дизизез, Франция
ҚР-ДЗ-5№121945	26.10.2020	Сигнифор® (Пасиреотид), инъекцияға арналған ерітінді, 0.9 мг/мл	Рекордати Рэа Дизизез, Франция
ҚР-ДЗ-5№026420	27.12.2024	ВИТАМИН D3 Крка (Колекальциферол), таблеткалар, 1000 ХБ	«КРКА, д.д., Ново место», Словения
ҚР-ДЗ-5№026421	27.12.2024	ВИТАМИН D3 Крка	«КРКА, д.д., Ново

Дата: 14.04.2026 10:41. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

		(Колекальциферол), таблеткалар, 500 ХБ	место», Словения
ҚР-МБ (МТ)- 0N027730	16.02.2024	Транскраниальді электромагниттік стимулятор М ULTIMATE сериясы: М-100 ULTIMATE, М-100А ULTIMATE, М-50 ULTIMATE, М-30 ULTIMATE, М-10 ULTIMATE	Shenzhen Yingchi Technology Co., Ltd., Қытай
ҚР-ДЗ-5N019714	12.02.2018	Арлеверт®, таблеткалар	Менарини Интернэшнл Оперейшнз Люксембург С.А., Люксембург

Согласовано

13.04.2026 11:27 Ануарбеков Жанибек Досболович

13.04.2026 12:47 Мәлік Перизат Мұхтарқызы

13.04.2026 14:02 Раймқұлова Гаухар Ушкempiркызы

Подписано

13.04.2026 14:16 Джусипов Бауыржан Алишерович



Подпись канцелярии

15.04.2026 08:13 ТЛЕУКЕНОВА ЖАННА

Подпись руководителя

14.04.2026 21:21 РАЙМҚУЛОВА ГАУХАР



Тип документа	Входящий документ
Номер и дата документа	№ 542 от 15.04.2026 г.
Организация/отправитель	КОМИТЕТ МЕДИЦИНСКОГО И ФАРМАЦЕВТИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Получатель (-и)	ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА МЕДИЦИНСКОГО И ФАРМАЦЕВТИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ
Электронные цифровые подписи документа	 Республиканское государственное учреждение "Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан" Подпись руководителя: РАЙМКУЛОВА ГАУХАР MIS8gYJ...7jUgXv+pC Время подписи: 14.04.2026 21:21
	 Республиканское государственное учреждение "Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан" Подпись канцелярии: ТЛЕУКЕНОВА ЖАННА MII TLAYJ...3NeKSwg== Время подписи: 15.04.2026 08:13
	 ЭЦП канцелярии: Даулетбаева Асем Балтабековна без ЭЦП Время подписи: 15.04.2026 09:09



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.